



**«НОМАД Иншуранс»
Сақтандыру компаниясы» АҚ**

Қаржылық есептілік

*2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған
жыл үшін*

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ
ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДІМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	4
Қаржылық есептілікке ескертулер	5–75

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») басшылығы 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша және осы күні аяқталған жыл үшін Қаржылық есептілік халықаралық стандарттары жөніндегі Кеңеспен шығарған ХҚЕС сәйкес Компанияның қаржылық есептілігін дайындауға және дұрыс ұсынуға жауапты болады.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- бухгалтерлік есептің тиісті принциптерін таңдау және оларды дәйекті қолдануға;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсінікті болуын қамтамасыз ететін формада ұсынуға;
- негізделген орынды бағалаулар мен болжамдарды қолдануға;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың қаржылық есептілікті сол немесе өзге мәмілелердің, сондай-ақ өзге де оқиғалардың немесе шарттардың Компания қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Компанияның жақын болашақта өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты болады.

Сондай-ақ басшылық:

- ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- кез келген сәтте Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдауға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуге;
- Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдауға;
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін анықтауға және алдын алуға жауапты болады.

жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға қаржылық есептілік 2026 жылдың 20 мамырында Компания басшылығымен бекітілді:

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер


Иманжанов Д.К.


Абдиманова А.К.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ басшылығы мен акционерлеріне

Пікір

Біз «НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, пайда немесе залал туралы есептен және өзге де жиынтық табыс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнге аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертулерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды қатынастарда Компанияның 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен көрсетілген күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысын ХҚЕС сәйкес анық көрсетеді.

Пікірді білдіруге негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі қорытындымыздың *«Қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі»* бөлімінде ашылады. Біз *Қазақстан Республикасындағы Қаржылық Есептілік Аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіздік және осы талаптарға сәйкес басқа да этикалық міндеттерімізді орындадық.* Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық көрсетілген қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды немесе қызметті жоюдан немесе тоқтатудан басқа нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар «НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ-ның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, алайда Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит әрқашан болған кезде елеулі бұрмалануларды анықтайтынына кепіл болмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – «НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ-ның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоға туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндігін бағалауды жүргіземіз.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Grant Thornton LLP



Ержан Досымбеков

Тапсырма бойынша серіктес

«Grant Thornton» ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасының білікті аудиторы
Біліктілік куәлігі 2012 жылғы 20 қаңтардағы №МФ-0000069

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті берген Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға 2018 жылғы 3 тамыздағы №18015053 мемлекеттік лицензиясы

2026 жылғы 20 мамыр
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	1,113,205	1,248,452
Несие мекемелеріндегі қаражат	6	7,747,082	52,488
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялар	7	34,290,895	32,112,554
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялар	8	35,289,465	23,164,333
Қайта сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша активтер	9	4,010,014	841,895
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	10	1,445,425	1,662,222
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салық активтері	20	1,302,895	421,855
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		–	249,174
Басқа активтер	11	3,254,036	4,469,337
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		88,453,017	64,222,310
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Акционерлік капитал	15	8,785,000	3,785,000
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв		795,848	819,189
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв		2,284,134	4,396,092
Бөлінбеген пайда		28,055,294	16,855,135
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		39,920,276	25,855,416
Тікелей репо келісімдері бойынша қарыздар	13	1,107,834	3,848,129
Корпоративтік табыс салығы		47,891	–
Сақтандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелер	9	40,567,365	29,623,340
Басқа міндеттемелер	14	6,809,651	4,895,425
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		48,532,741	38,366,894
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		88,453,017	64,222,310

5-тен 75-ке дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырама бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы



(Signature)
Иманжанов Д.К.

Бас бухгалтер

(Signature)
Абдиманова А.К.

2026 жылғы 20 мамыр
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңге	Ескерту	2025 жыл	2024 жыл
Сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі:			
Сақтандыру бойынша кіріс	15	72,341,812	60,853,329
Сақтандыру бойынша шығындар	16	(53,164,018)	(54,718,112)
Қайта сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын шығындар	17	(7,274,497)	(4,005,880)
Сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесі		11,903,297	2,129,337
Инвестициялық және қаржылық қызмет:			
Пайыздық кірістер	18	8,214,445	5,388,072
Пайыздық шығындар		(537,849)	(226,403)
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен жасалатын операциялардан түсетін кірістер		293,695	68,301
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтермен операциялардан болған залал		(22,261)	–
Күгілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резервтерін құруға арналған шығындар	5, 6, 7, 8, 11	(698,969)	(133,244)
Сақтандыру шарттарының топтары бойынша сақтандыру бойынша қаржылық шығындар	9	(1,243,414)	(959,616)
Қайта сақтандыру шарттарының топтары бойынша сақтандыру бойынша қаржылық (шығындар)/кірістер	9	(6,321)	239,292
Инвестициялық және қаржылық қызметтен түсетін кірістердің жиыны		5,999,326	4,376,402
Басқа операциялық кірістер мен шығындар:			
Басқа операциялық кірістер	19	(3,688,775)	(1,396,765)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда		14,213,848	5,108,974
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	20	(1,166,942)	(19,942)
Жыл ішіндегі таза пайда		13,046,906	5,089,032
Басқа жиынтық табыс			
<i>Корпоративтік табыс салығының әсерін шегергенде, одан әрі пайдаға немесе шығынға қайта жіктелетін баптар:</i>			
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі (салық әсерін шегергенде – нөл)		(70,949)	172,970
Пайда немесе залал туралы есепке қайта жіктеу (салық әсерін шегергенде – нөл)		(84,142)	(33,730)
<i>Корпоративтік табыс салығының әсерін шегергенде, одан әрі пайдаға немесе шығынға қайта жіктелмейтін баптар:</i>			
Негізгі құралдарды қайта бағалау (салық әсерін шегергенде – 2025 жыл: 13,697 мың теңге, 2024 жыл: 20,764 мың теңге)		99,406	83,510
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының таза өзгерісі (салық әсерін шегергенде – нөл)		1,498,639	3,566,872
Табыс салығын шегергендегі басқа жиынтық пайда / (шығын)		1,442,954	3,789,622
Жыл ішіндегі жиынтық табыстың жиыны		14,489,860	8,878,654

Осы бағандағы кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есептегі сомалардан қайта жіктеуге байланысты ерекиеленеді, бұл туралы толығырақ ақпарат 3-ескертеде ашып көрсетілген.

5-тен 75-ке дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы



Иманжанов Д.К.

Бас бухгалтер

Абдиманова А.К.

2026 жылғы 20 мамыр
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңге	Ескерту	Акционерлік капитал	Басқа резервер	Басқа табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау арналған резерв	Бөлінбеген пайда	Барлығы капитал
2024 жылдың 1 қаңтарында		3,785,000	3,283	1,384,666	735,679	15,418,134	21,326,762	
<i>Жыл ішіндегі таза пайда</i>		-	-	-	-	5,089,032	5,089,032	
<i>Басқа жиынтық шығын</i>		-	-	3,706,112	83,510	-	3,789,622	
Жиынтық табыс жиыны		-	(3,283)	3,706,112	83,510	5,089,032	8,878,654	
Турақтандыру резервін бөлінбеген пайдаға ауыстыру		-	-	-	-	3,283	-	
Үлестік құралдарды сатуға байланысты басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резервінің шығуы	11	-	-	(694,686)	-	694,686	-	
Дивидендтер төлеу		-	-	-	-	(4,350,000)	(4,350,000)	
2024 жылдың 31 желтоқсанында		3,785,000	-	4,396,092	819,189	16,855,135	25,855,416	
<i>Жыл ішіндегі таза пайда</i>		-	-	-	-	13,046,906	13,046,906	
<i>Басқа жиынтық табыс</i>		-	-	1,343,548	99,406	-	1,442,954	
Жиынтық табыс жиыны		5,000,000	-	1,343,548	99,406	13,046,906	14,489,860	
Акционерлік капиталдың ұлғаюы		-	-	-	-	-	-	
Үлестік құралдарды сатуға байланысты басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резервінің шығуы		-	-	(3,455,506)	-	3,455,506	-	
Сатуға байланысты материалдық емес активтерді қайта бағалау резервінің шығуы		-	-	-	(122,747)	122,747	-	
Дивидендтер төлеу	11	-	-	-	-	(5,425,000)	(5,425,000)	
2025 жылдың 31 желтоқсанында		8,785,000	-	2,284,134	795,848	28,055,294	39,920,276	

5-тен 75-ке дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған ескертмелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы



Бас бухгалтер

Абдиманова А.К.

2026 жылғы 20 мамыр

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың тенге	Ескерту	2025 жыл	2024 жыл
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Төленген дивидендтер	12	(5,425,000)	(4,350,000)
Жарғылық капиталға салым	12	5,000,000	–
Жалдау міндеттемелерінің негізгі сомасын өтеу		(436,551)	(121,314)
Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(861,551)	(4,471,314)
Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақшалай қаражатқа әсері		(76,028)	1,488
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті өзгерту	5	18	421
Ақша қаражаттарының таза азаюы		(135,247)	(627,831)
Жыл басындағы ақшалай қаражат		1,248,452	1,876,283
Жыл соңындағы ақшалай қаражат	5	1,113,205	1,248,452

5-тен 75-ке дейінгі беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы



Иманжанов Д.К.

Бас бухгалтер

Абдиманова А.К.

2026 жылғы 20 мамыр
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2004 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі 2004 жылғы 16 қаңтардағы №60300-1910–АО.

Компания мүлікті сақтандыруға және жазатайым оқиғалардан сақтандыруға, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға, жеке сақтандыруға және қайта сақтандыруға қатысты түрлі сақтандыру өнімдерін ұсынады. Компанияның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №2.1.18 ерікті және міндетті жалпы сақтандыру және қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар.

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би көшесі 101.

2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда жұмыс істейтін қызметкерлер саны сәйкесінше 692 және 686 құрады.

2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «НОМАД Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ 100% акцияларына иелік ететін жалғыз акционері «Номад» Сақтандыру тобы» ЖШС болып табылады, түпкілікті бенефициар Қазақстан Республикасының азаматы А.С. Мынбаев мырза болып табылады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

Ағымдағы жылы қабылданған стандарттар мен интерпретациялар

Компания есепті жылы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

ХҚЕ (IAS) 21-ге енгізілген түзетулер – «Валютаны айырбастау мүмкіндігінің болмауы»

ХҚЕ (IAS) 21 «Валюталық бағам өзгерістерінің әсері» стандартына енгізілген түзетулер ұйым бір валютаны екінші валютаға айырбастау мүмкіндігінің бар-жоғын қалай бағалауы тиіс екенін және айырбастау мүмкіндігі болмаған жағдайда ағымдағы айырбас бағамын қалай айқындау керектігін нақтылайды. Сонымен қатар, түзетулер қаржылық есептілікті пайдаланушыларға бір валютаны екінші валютаға айырбастау мүмкіндігінің болмауы ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша ағындарына қалай әсер ететінін немесе ықпал етуі мүмкін екенін түсінуге мүмкіндік беретін ақпаратты ашып көрсету талаптарын қамтиды.

Түзетулер 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Түзетулерді қолдану кезінде ұйым салыстырмалы ақпаратты қайта есептей алмайды. Аталған түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігі шығарылған күнге дейін күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер және түсіндірмелер келтірілген. Компания бұл стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді олардың күшіне енген күнінен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық есепті кезеңге қатысты әлі күшіне енген стандарттар	Басталатын жылдық есепті кезеңдерге қолданылады
<ul style="list-style-type: none">ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 стандарттарына енгізілген түзетулер – «Қаржылық құралдарды жіктеу және бағалау ережелеріне қатысты түзетулер»	2026 жылғы 1 қаңтар
<ul style="list-style-type: none">ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 стандарттарына енгізілген түзетулер – «Табиғатқа тәуелді электр энергиясына байланысты шарттар»	2026 жылғы 1 қаңтар
<ul style="list-style-type: none">«Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын жыл сайын жетілдіру – 11 том»: <ul style="list-style-type: none">ХҚЕ (IAS) 7-ге енгізілген түзетулер – «Бастапқы құн бойынша есепке алу»;ХҚЕС (IFRS) 9-ға енгізілген түзетулер – «Жалға алу міндеттемелерін тануды тоқтату»;ХҚЕС (IFRS) 10-ға енгізілген түзетулер – «Іс жүзіндегі агентті айқындау»;ХҚЕС (IFRS) 7-ні енгізу жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген түзетулер – «Әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы кейінге қалдырылған айырмашылық туралы ақпаратты ашып көрсету»;ХҚЕС (IFRS) 7-ге енгізілген түзетулер – «Тану тоқтатылған кездегі пайда немесе залал»;ХҚЕС (IFRS) 1-ге енгізілген түзетулер – «ХҚЕС-ты алғаш рет қолданатын ұйымның хеджирлеу есебі»;ХҚЕС (IFRS) 7-ні енгізу жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген түзетулер – «Кіріспе»;ХҚЕС (IFRS) 7-ні енгізу жөніндегі нұсқаулыққа енгізілген түзетулер – «Кредиттік тәуекел туралы ақпаратты ашып көрсету»;ХҚЕС (IFRS) 9-ға енгізілген түзетулер – «Мәміле бағасы».	2026 жылғы 1 қаңтар
<ul style="list-style-type: none">ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсету»	2027 жылғы 1 қаңтар
<ul style="list-style-type: none">ХҚЕС (IFRS) 19 «Жария есептілік беру міндеттемесі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашып көрсету»	2027 жылғы 1 қаңтар

Аталған түзетулер мен жаңа стандарттардың Компанияға елеулі әсер етпейді деп күтіледі, тек ХҚЕС (IFRS) 18-ді қоспағанда, осы стандарт бойынша қазіргі уақытта Компания өзінің қаржылық есептілігіне ықпалын талдау үдерісінде.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)**

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС Кеңесі жаңа ХҚЕС (IFRS) 18 стандартын шығарды, ол ХҚЕ (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартын алмастырады. ХҚЕС (IFRS) 18 келесі негізгі талаптарды белгілейді, олардың ең маңыздылары төмендегілер болып табылады:

- Пайда немесе залал туралы есепте кірістер мен шығыстар баптарын қызмет түріне сәйкес санаттарға жіктеу: операциялық, инвестициялық және қаржылық. Ұйымдар сондай-ақ келесі аралық қорытындыларды ұсынуға міндетті:
 - операциялық пайда немесе залал;
 - қаржылық қызмет пен табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда немесе залал.
- Қаржылық есептілікте басшылық айқындаған тиімділік көрсеткіштері туралы ақпаратты ашып көрсету, оның ішінде оларды ең сәйкес келетін қорытындылармен және пайда немесе залал туралы есептегі аралық қорытындылармен салыстырып (келісімін келтіріп) көрсету.
- Қаржылық есептіліктің негізгі нысандарында және ескертпелерде жинақталған және бөлшектелген ақпаратты ұсыну.

Сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 18 ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке қатысты жекелеген өзгерістерді және өзге де бірқатар өзгерістерді қарастырады. ХҚЕС (IFRS) 18 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерде міндетті түрде қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Компания ХҚЕС (IFRS) 18 стандартын мерзімінен бұрын қолдануды жоспарламайды.

**3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ
МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ**

Сәйкестік қағидасы

Компанияның қоса беріліп отырған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес шығарған ХҚЕС сәйкес дайындалды.

Дайындық қағидасы

Қаржылық есептілік кейбір қаржы құралдарын, «жер», «ғимараттар мен құрылыстар» топтары бойынша негізгі құралдарды және қайта бағаланған құны бойынша ескерілетін материалдық емес активтерді қоспағанда, бастапқы құн негізінде дайындалады. Компанияның қаржылық есептілігі қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») ұсынылған.

Компанияның қаржылық есептілігін таныстырудың функционалдық валютасы және валютасы теңге болып табылады. Осы қаржылық есептіліктегі барлық мәндер арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, мыңға дейін жалпыланады.

Қызметтің үздіксіздігі қағидасы

Бұл қаржылық есептілік Компания қызметтің үздіксіздігі принципінен ұстанатын болады деген болжамға сүйене отырып, ХҚЕС-ке сәйкес дайындалады. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі экономикалық қызметі барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді қамтиды.

Компания басшылығының тарату немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қысқарту ниеті де, қажеттілігі де жоқ. Басшылық Компания өзінің үздіксіз жұмысын жалғастыра алады деп санайды.

**3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ
МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)**

Есептеу қағидасы

Бұл қаржылық есептілік есептеу қағидасына сәйкес жасалды. Есептеу қағидасы төлем уақытына қарамастан, шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ оларды жасау фактісі бойынша оқиғаларды танумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және оларға жататын кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

Қаржылық есептілік элементтерін тану

Бұл қаржылық есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар кіреді. Қаржылық есептіліктің барлық элементтері желілік баптар түрінде ұсынылған. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Компания қызметіндегі сипаттамаларын (функцияларын) ескере отырып жүргізілді. Ұқсас баптардың әрбір маңызды класы қаржылық есептілікте бөлек ұсынылады. Ұқсас емес сипаттағы немесе тағайындалған баптар, егер олар маңызды болса, бөлек ұсынылады.

Компания өтімділіктің кему тәртібімен қаржылық жағдай туралы есеп береді. Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өтімділігін талдау 22-ескертуде келтірілген.

Әділ құнды бағалау

Компания негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізуі керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өз мүддесі үшін әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайда алу мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын, бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, бағалау әдістемелерін пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер 21-ескертуде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы аясында ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде жіктеледі, олар жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылады.

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді (тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы аударым фактісін айқындайды.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдары әділ құн бойынша бағаланады, ол пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша асыра бағаланбаған құралдар жағдайында олармен тікелей байланысты комиссиялар мен шығындарды ескере отырып түзетіледі.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын бағалау (жалғасы)

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының ең жақсы дәлелі әдетте мәміле бағасы болып табылады. Егер Компания бастапқы тану кезінде әділ құн мәміле бағасынан өзгеше деген қорытындыға келсе:

- әділ құн бірдей активке немесе міндеттемеге арналған белсенді нарықтағы баға белгілеулерімен расталады (яғни 1-деңгейдегі бастапқы деректер) немесе тек бақыланатын нарықтардың деректерін пайдаланатын бағалау әдістемесіне негізделген, Компания бастапқы тану кезінде әділ құн мен кіріс немесе шығын ретінде мәміле бағасы арасындағы айырмашылықты мойындайды;
- барлық басқа жағдайларда қаржы құралын бастапқы бағалау бастапқы тану кезіндегі әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы айырмашылықты болашақ кезеңдерге жатқызу үшін түзетіледі. Бастапқы танудан кейін Компания бастапқы деректер байқалған жағдайда немесе құралды тану тоқтатылған жағдайда ғана табыс немесе шығын сапасындағы кейінге қалдырылған айырмашылықты таниды.

Қаржы активтерін өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдо көрсетіле отырып, қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу міндеттемені реттеумен бір мезгілде өзара есепке алуды жүргізу немесе активті іске асыру ниеті заңды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық көлемде көрсетіледі.

Шетел валютасын қайта есептеу

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жасалған күні қолданыста болатын Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚКБ») қалыптасқан айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қалыптасқан нарықтық бағам бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы мәмілелерді қайта есептеу нәтижесінде туындайтын кірістер мен залалдар бағамдық айырма бойынша шығындарды шегергендегі кірістер ретінде пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте танылады. Шетел валютасындағы бастапқы құны бойынша бағаланған монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күндердегі айырбас бағамдары пайдаланыла отырып қайта есептеледі.

Компанияның осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланған жыл соңындағы негізгі валюта бағамдары келесідей берілген:

Валюта	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллар	505.53	525.11
Гонконг доллары	64.96	67.61

Негізгі құралдар

Компания негізгі құралдарды «жер» және «ғимараттар мен құрылыстар» топтары бойынша қайта бағаланған құны бойынша есепке алады.

Бастапқыда нақты құны бойынша танылғаннан кейін «жер», «ғимараттар мен құрылыстар» санаттарына жататын негізгі құралдар қайта бағалау күніндегі әділ құнын білдіретін қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі. Бұл құн кейінгі жинақталған тозуды және кейінгі жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергеннен кейінгі соманы қамтиды. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның баланстық құны арасында елеулі айырмашылықтардың туындауын болдырмау үшін жеткілікті жиілікпен жүргізіледі. Қайта бағалау күніндегі жинақталған тозу активтің жалпы баланстық құнын бір мезгілде азайту арқылы шегеріледі және алынған сома активтің қайта бағаланған сомасына сәйкес қайта есептеледі.

«НОМАД ИНШУРАНС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Соңғы қайта бағалау Компания тарапынан 2025 жылы жүргізілді.

Қайта бағалау нәтижесіндегі құнның ұлғаюы капитал құрамында көрсетіледі, тек осы актив бойынша бұрын пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте танылған құнның алдыңғы төмендеуін қалпына келтіру сомаларын қоспағанда. Бұл жағдайда актив құнының ұлғаю сомасы қаржылық нәтижеге жатқызылады. Қайта бағалау нәтижесіндегі құнның азаюы пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі, тек мұндай азаюдың сол актив бойынша қайта бағалау резервінде көрсетілген алдыңғы құн өсіміне тікелей есепке жатқызылған бөлігін қоспағанда.

Актив есептен шығарылған жағдайда, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау резервіне енгізілген тиісті сома бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Негізгі құралдардың өзге санаттары бастапқы құны бойынша есептеледі, ол жинақталған амортизацияны және/немесе бар болған жағдайда жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі сома болып табылады.

Негізгі құрал бойынша тозу актив пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеле бастайды. Тозу активтердің келесі бағалау пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде бірқалыпты (түзу сызықты) әдіспен есептеледі:

Негізгі құралдар санаттары	Амортизациялау мерзімдері (айлар)
Жер	Амортизацияланбайды
Ғимараттар мен құрылыстар	240
Машиналар мен жабдықтар	30
Көлік құралдары	120
Басқа негізгі құралдар	80

Активтердің қалдық құны, пайдалы қызмет ету мерзімдері және тозуды есептеу әдістері әр есепті жылдың соңында талданып, қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және қайта жаңарту шығындары олар жүзеге асырылған сәтте шығыстарға жатқызылады және капитализациялауға жататын жағдайларды қоспағанда, әкімшілік және операциялық шығыстар құрамына енгізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтиды. Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқыда нақты құны бойынша танылғаннан кейін материалдық емес активтер қайта бағалау күніндегі әділ құнын білдіретін қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі, бұл кейінгі жинақталған амортизацияны және кейінгі жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергеннен кейінгі соманы білдіреді. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны мен оның баланстық құны арасында елеулі айырмашылықтардың туындауын болдырмау үшін жеткілікті жиілікпен жүргізіледі. Қайта бағалау күніндегі жинақталған амортизация активтің жалпы баланстық құнын бір мезгілде азайту арқылы шегеріледі және алынған сома активтің қайта бағаланған сомасына сәйкес қайта есептеледі.

Қайта бағалау нәтижесіндегі құнның ұлғаюы капитал құрамында көрсетіледі, тек осы актив бойынша бұрын пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте танылған құнның алдыңғы төмендеуін қалпына келтіру сомаларын қоспағанда. Бұл жағдайда актив құнының ұлғаю сомасы қаржылық нәтижеге жатқызылады. Қайта бағалау нәтижесіндегі құнның азаюы пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі, тек мұндай азаюдың сол актив бойынша қайта бағалау резервінде көрсетілген алдыңғы құн өсіміне тікелей есепке жатқызылған бөлігін қоспағанда.

**3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ
МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)**

Материалдық емес активтер (жалғасы)

Соңғы қайта бағалау Компания тарапынан 2023 жылы жүргізілді. Басшылықтың пікірінше, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша материалдық емес активтердің баланстық құны олардың ағымдағы нарықтық құнынан елеулі түрде ерекшеленбейді.

Активті пайдалану үшін дайын болған сәттен бастап амортизация есептеле бастайды. Амортизация пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде (5 жылға дейін) бірқалыпты (түзу сызықты) әдіспен есептеледі.

Жалдау

Келісімшарт жасалған сәтте Компания келісімнің жалдау болып табылатынын немесе жалдау белгілерін қамтитынын бағалайды. Басқаша айтқанда, Компания келісімшарт белгілі бір мерзім ішінде өтемақы есебінен сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығын береді ме, соны анықтайды.

Компания жалға алушы ретінде

Компания қысқа мерзімді жалдау мен құны төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын тану және бағалау бойынша бірыңғай тәсілді қолданады. Компания жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау міндеттемелерін және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы түріндегі активтерді таниды.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер

Компания пайдалану құқығы түріндегі активтерді жалдау басталған күні (яғни базалық активті пайдалану үшін қолжетімді болатын күн) таниды. Пайдалану құқығы түріндегі активтер бастапқы құны бойынша бағаланады, ол кейін жинақталған амортизацияны және жинақталған құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі сома ретінде көрсетіледі, сондай-ақ жалдау міндеттемелерін қайта бағалауға түзетулер енгізіледі. Пайдалану құқығы түріндегі активтердің бастапқы құнына танылған жалдау міндеттемелерінің сомасы, бастапқы тікелей шығындар және жалдау басталған күні немесе оған дейін төленген жалдау төлемдері кіреді, алынған жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергенде. Пайдалану құқығы түріндегі активтер жалдау мерзімі мен активтің болжамды пайдалы қызмет ету мерзімінің қайсысы қысқа болса, сол мерзім ішінде бірқалыпты (түзу сызықты) әдіспен амортизацияланады. Егер жалдау мерзімі соңында жалға алынған активке меншік құқығы Компанияға өтсе немесе активтің бастапқы құны сатып алу опционының орындалуын көрсетсе, актив оның болжамды пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады. Пайдалану құқығы түріндегі активтер сондай-ақ құнсыздануға тестілеуден өтеді.

Жалдау міндеттемелері

Жалдау басталған күні Компания жалдау мерзімі ішінде төленуге тиіс жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін таниды. Жалдау төлемдеріне тіркелген төлемдер, алынатын жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегергендегі сомалар, индекс немесе мөлшерлемеге тәуелді ауыспалы төлемдер және тарату құны кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Сондай-ақ, егер сатып алу опционының орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, оның орындалу бағасы және егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтату опционын іске асыруын көрсетсе, айыппұл төлемдері де есепке алынады. Индекс немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері шығыс ретінде (қорларды өндіруге қатысты жағдайларды қоспағанда) төлем туындайтын кезеңде танылады.

Жалдау төлемдерінің дисконтталған құнын есептеу үшін Компания жалдау басталған күнгі қосымша қарыз алу мөлшерлемесін қолданады, себебі жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін емес. Жалдау басталғаннан кейін жалдау міндеттемелерінің баланстық құны пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғаяды және жүргізілген жалдау төлемдерін көрсету үшін азаяды.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Жалдау (жалғасы)

Жалдау міндеттемелері (жалғасы)

Сонымен қатар, Компания шарт өзгерген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалы, индекс немесе мөлшерлеме өзгеруіне байланысты болашақ төлемдер өзгерсе) немесе базалық активті сатып алу опционы бойынша бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды. Компания жалдау міндеттемелерін қаржылық жағдай туралы есепте жеке көрсетеді.

Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау

Компания қысқа мерзімді техника мен жабдықты жалдау шарттарына (яғни жалдау басталған күнге қарай мерзімі 12 айдан аспайтын және базалық активті сатып алу опционы жоқ шарттар) қатысты танудан босату ережесін қолданады. Сондай-ақ Компания құны төмен активтерді жалдауға қатысты танудан босатуды кеңсе жабдықтарын жалдау шарттарына қолданады, олардың құны төмен деп есептеледі. Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде бірқалыпты (түзу сызықты) әдіспен шығыстар ретінде танылады.

Қаржы активтері

Бастапқы тану

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі олардың шарттық шарттарына және құралдарды басқарудың бизнес-моделіне байланысты.

Қаржы құралдары бастапқыда мәміле жасалған күні танылады және қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме жағдайында ұлғайтылған немесе азайтылған әділ құн бойынша бағаланады.

Бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқарудың бизнес-моделі мен активтің шарттық талаптары негізінде жіктейді. Санаттарға мыналар кіреді:

- амортизацияланған құн бойынша бағаланады;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағалау.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Егер мынадай екі шарт орындалса, қаржы активтері амортизацияланған құн бойынша есепке алынады:

- құралдар бизнес-модельге сәйкес ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін құралды ұстап қалу болып табылады;
- қарыз құралының шарттық талаптары белгілі бір күндерде ақша ағындарының пайда болуына әкеледі, олар тек негізгі қарыз сомасы мен негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар (SPPI) болып табылады.

**3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ
МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)**

Қаржы активтері (жалғасы)

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Егер мынадай екі шарт орындалса, қаржы активтері басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша есепке алынады:

- құралдар бизнес-модель аясында ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері қарыздың негізгі сомасы мен қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне тек қана төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды шарттайды.

Осы санаттағы қаржылық активтер - бұл шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында ұсталатын және өтімділіктің өзгеруіне байланысты немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде сатылуы мүмкін құралдар.

Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары кассадағы қолма-қол ақшадан, ағымдағы банктік шоттардағы қаражаттан, бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын депозиттік және брокерлердің шоттарындағы ақшалай қаражаттан, бір айға дейінгі мерзімге кері репо келісімдері бойынша қарыздардан тұрады.

Бизнес-модельді бағалау

Компания өзінің бизнес-моделін өзінің бизнес мақсатына жету үшін қаржылық активтер портфолиосын қалай басқаратынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды. Компания шартта көзделген ақша ағындарын алу және сақтандыру шарттары бойынша талаптардың туындауына қарай оларды реттеу үшін қаржылық базаны қамтамасыз ету үшін қаржы активтерін иеленеді. Активтердің бизнес-моделін айқындау кезінде Компания сақтандыру міндеттемелерінің портфельдерін ұстап тұру үшін қажетті ақша ағындарының мерзімдерін, көлемін және құбылмалылығын, сондай-ақ Акционер үшін пайданы барынша арттыру және бизнестің болашақ дамуы әлеуетін ескереді.

Компанияның бизнес-моделі әр құрал бойынша емес, бақыланатын факторларға негізделген жиынтық портфельдердің жоғары деңгейінде бағаланады, мысалы:

- бизнес-модельдің өнімділігі мен осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқару персоналына қалай жеткізіледі;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі) және, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе).

Активтердің күтілетін жиілігі, құны және сату мерзімі де Компанияны бағалаудың маңызды аспектілері болып табылады. Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарий деп аталатындар сияқты Компания негізді түрде күтпейтін сценарийлер негізінде жүргізілмейді. Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары ұйымның бизнес-модельді бағалау күніндегі күтулерінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, бұл ұйымның қаржылық есептілігіндегі алдыңғы кезендердің қателігін көрсетуге негіз болып табылмайды, Компания осы бизнес-модельге сәйкес ұсталатын қалған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, алайда мұндай ақпаратты жаңа сатып алынатын қаржылық активтердің жіктеу кезінде ескереді.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

SPPI тесті

Жіктеудің екінші кезеңінде Компания шарттың талаптарын олардың Solely payments of principal and interest (бұдан әрі – SPPI) тестіне сәйкес келетіндігін анықтау үшін бағалайды. Осы тесттің мақсаттары үшін негізгі сома бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құны ретінде айқындалады және осы қаржы активінің (мысалы, егер қарыздың негізгі сомасын өтеу немесе сыйақы/дисконттың амортизациясы есебінен төлемдер орын алса) қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін. Қарыз келісіміндегі пайыздардың ең маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құнын есепке алу және несиелік тәуекел болып табылады. SPPI бағалау үшін Компания пайымдауды қолданады және қаржылық актив көрсетілген валюта және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең сияқты тиісті факторларды талдайды.

Кейінгі бағалау

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Бастапқы танудан кейін қаржылық активтер амортизацияланған құн бойынша құнсыздану резервін шегергендегі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып бағаланады. Амортизацияланған құн бастапқы тану кезінде қаржы активі бағаланатын сома, борыштың негізгі сомасы есебіне төлемдерді шегеру, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген жинақталған амортизация шамасын қосу немесе шегеру, көрсетілген бастапқы сома мен өтеу мерзімі басталған кезде төлеуге берілетін сома арасындағы айырманы шегеру, ККШ ескеріле отырып түзетілген сома ретінде есептеледі. ККШ пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте есепті күндегі жағдай бойынша ККШ есептік шамаға дейін түзету үшін қажетті мөлшердегі құнсызданудан түскен пайда немесе залал ретінде танылады.

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал осы активке жататын пайда немесе залал валюта бағамдарының өзгеруінен құнсызданудан және пайда мен залалдан түскен пайданы немесе шығынды қоспағанда, басқа жиынтық табыстың құрамында танылуға тиіс. Валюта бағамдарының өзгеруінен пайыздық кірістер мен кірістер немесе шығындар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері сияқты пайда немесе залал құрамында танылады. Қарыз құралдарына арналған ККШ әділ құн болып қалатын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржылық активтердің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына, егер активтер амортизацияланған құн бойынша бағаланса, пайда болатын резервке тең сома басқа жиынтық табыстың бөлігі ретінде танылады. Басқа жиынтық табыстың құрамында танылған жинақталған сомалар активтерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына көшіріледі.

Басқа жиынтық табыстың құрамында танылған жинақталған сомалар активтерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына көшіріледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл әр кезеңдегі тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезеңдегі пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығындарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл қаржы құралының күтілетін мерзімі ішінде немесе тиісті жағдайларда қысқа мерзім ішінде қаржы құралының таза баланстық құнына дейін есептелген болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (несиелер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Тиімді пайыздық мөлшерлеме белгілі бір құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша несиелік спрэдті көрсететін сыйақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайыздық өзгерістің келесі күніне дейін өзгермелі мөлшерлеме құралдары бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін немесе нарықтық мәнге байланысты белгіленбеген басқа айнымалы факторлар үшін қолданылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құралдың күтілетін айналым мерзімі ішінде амортизацияланады.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерін тануды тоқтату

Елеулі модификация жағдайларын қоспағанда, тануды тоқтату

Қаржы активін тану:

- осы қаржы активінен ақша ағындарына шартта көзделген құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталған; немесе
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берген немесе алынған ақша ағындарын «өтпелі» келісім бойынша үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз толық көлемде төлеуге міндеттеме алған; және немесе:
- Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы берген; немесе
- Компания қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы бермеген немесе сақтамаған, алайда активті бақылауды тапсырған кезде тоқтатылады.

Компания бақылауды қабылдаушы тараптың активті тәуелсіз үшінші тарапқа сатудың практикалық мүмкіндігі болған кезде ғана және сол кезде қабылдаушы тарап бұл мүмкіндікті біржақты тәртіпте және мұндай беріліске қосымша шектеулер қою қажеттілігінсіз пайдалана алады деп санайды.

Қаржы активтері шарттарының елеулі өзгеруіне байланысты тануды тоқтату

Компания қаржы активі бойынша шартта көзделген ақша ағындарының талаптары мен ережелері, шын мәнінде, ол жаңа құралға айналатындай дәрежеде қайта қаралған кезде қаржы активін тануды тоқтатады, бұл ретте айырмашылық тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылады. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзгертілген қаржы активтері жағдайында өзгертілген қаржы активі ККШ бағалау мақсаттары үшін «жаңа» қаржы активі болып саналады.

Құралды тануды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде, басқалармен қатар, Компания келесі факторларды ескереді:

- қарыз құралының валютасын өзгерту;
- пайыздық мөлшерлемені өзгермелі мөлшерлемеге және керісінше өзгерту;
- үлестік қатысу белгісін енгізу;
- контрагентті өзгерту;
- құрал SPPI критерийіне сәйкес келмейтін модификациялау.

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, онда модификация тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы ТПМ бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруіне сүйене отырып, Компания модификациядан түскен пайданы немесе шығынды көрсетеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

